

Екінші дәрежелі суда құтқару постын құру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімиятының 2004 жылғы 13 мамырдағы N 73/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 14 маусымда N 2588 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен.

Ауданның су айдындарындағы төтенше жағдайларын болдырмау үшін, облыс әкімінің 2002 жылғы 4 маусымдағы "Суда құтқару статусын өзгерту туралы" N 18 шешімін жүзеге асыру мақсатында, және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан аумағында Көктөбе селосында екінші дәрежелі суда құтқару посты құрылсын.
2. Екінші дәрежелі суда құтқару постының Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Аудандық қаржы бөлімі (Қ. Жанғазинов) екінші дәрежелі суда құтқару постын құру үшін қаражат қарастырсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Әлжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 3 м а м ы р д а ғ ы
" Е к і н ш і д ә р е ж е л і с у д а н
қ ұ т қ а р у п о с т ы н құ р у
т у р а л ы " N 7 3 / 1 қ а у л ы с ы м е н
б е к і т і л г е н
**Екінші дәрежелі суда құтқару постының
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 3 қыркүйектегі "Облыстық судан құтқару қызметі туралы" N 25 қаулысымен бекітілген Ережесі негізінде әзірленді.

2. Екінші дәрежелі судан құтқару посты аудан су қоймаларындағы төтенше жағдайлар кезінде тұрғындардың өмірін сақтау және құтқаруды ұйымдастыруға арналған.

3. Екінші дәрежелі судан құтқару посты аудан әкімдігінің қаулысымен құрылады.

4. Екінші дәрежелі судан құтқару постын облыстық судан құтқару қызметімен келісіп, аудан әкімі тағайындаған пост старшинасы басқарады.

2. Суда құтқару посты қызметкерлерінің мақсаттары

5. Суда құтқару постының негізгі мақсаттары:

1) Суда апатқа ұшырағандарға шұғыл көмек көрсету, судағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іздеу - құтқару және эвакуациялық жұмыстар жүргізу;

2) Судағы төтенше жағдайларды алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру;

3) Тұрғындардың суда жүзуге, суда зардап шегушілерді құтқару әдісіне және көмек көрсетуге үйретуге қатысу;

4) Су жағасындағы көпшілік демалатын орындарда тұрғындарды қоршаған ортаны қорғауға жұмылдыру;

5) Құтқару постының апаттан құтқару жұмыстарын жүргізуге тұрақты даярлығын қамтамасыз ету.

3. Суда құтқару посты қызметкерлерінің функциялары

6. Екінші дәрежелі суда құтқару посты өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Судағы төтенше жағдайлар кезінде іздеу - құтқару және эвакуациялық жұмыстарды жүзеге асырады;

2) Білім беру, ішкі істер, денсаулық сақтау органдарымен және басқа да қоғамдық бірлестіктермен өзара іс - әрекет жасап, бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігін пайдалана отырып су қоймаларында қайғылы жағдайларды болдырмау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

4. Суда құтқару посты қызметкерлерінің құқықтары.

7. Екінші дәрежелі суда құтқару постына жүктелген міндеттерді орындау үшін аудан әкімі келесідей өкілеттіктер береді:

1) Жергілікті атқару органдарына судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және судан құтқару постының қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстар енгізу;

2) Су қоймаларында адамдар өмірін сақтау жөніндегі барлық меншік үлгісіндегі ұйымдардың ведомстволық құтқару постыларының жұмыстарын тексеру;

3) Су қоймаларындағы қорғаныс мәселелері жөнінде тағайындалған жайылма сулар комиссияларының, көпшілік қолданыстағы су объектілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиясының, сараптау комиссиялары мен топтарының

жұмыстарына

қатысу;

4) Көпшілік демалатын су, объектілеріне және су өткелдеріне техникалық тексеру жүргізу, су қоймаларында қауіпсіздік ережелерін бұзған жағдайда азаматтарға, барлық меншік үлгілеріндегі ұйымдар мен кәсіпорындарға белгіленген тәртіпте әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

5) Азаматтардың көпшілік демалыс орындары мен су қоймаларында қоғамдық тәртіпті сақтауды және оларға медициналық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету үшін ішкі істер және денсаулық сақтау органдарының күштері мен құралдарын белгіленген тәртіпте пайдалану;

6) Судағы техникалық қауіпсіздік оқу-жаттығу жиындарын, семинарлар өткізу;

7) Белгіленген тәртіпте су қоймаларындағы төтенше жағдайларды болдырмау және жою мақсатында ведомстволық құрамына қарамастан көлік құралдарын, оның ішінде суда жүзу құралдарын жұмылдыру.

5. Судан құтқару посты қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру

8. Судан құтқару посты қызметкерлерінің жұмыстарын ұйымдастыру осы Ережені басшылыққа алады.

9. Судан құтқару посты жыл бойы жұмыс істейді.

10. Судан құтқару постының құрамына 2 адам кіреді: құтқарушы старшина (тұрақты) және құтқарушы матрос (жазғы уақытқа - жұмыссыз азаматтардың қатарынан тартылады).

11. Пост старшинасының міндеттері:

1) Кезекшілік (вахта) атқару және құтқару жұмыстарына қатысу;

2) Қарамағындағы құтқарушы матрос пен құтқарушы жасақшылардың жұмысына басшылық ету;

3) Вахта, мотор журналын және судағы болған адамдардың қайғылы жағдайлары туралы актілер кітабын жүргізу;

4) Пост жұмысының айлық жоспарын және келесі күнге тапсырмалар құру;

5) "Посттың әрекет ауданы" су учаскесін, су түбінің рельефін, тереңдігін, иірім жерлерді, бұлақтарды, шұңқырларды, ағынның бағыты мен жылдамдығын, дауылды ауа-райында жүзу құралдарын жасыратын орындарды, сол сияқты посттың тексеру ауданына кіретін су қоймаларының ерекшеліктерін білу;

6) Постқа қажетті мүліктер мен жабдықтарды уақытында толықтырып отыру;

7) Посттық тексеру ауданында болған барлық қайғылы жағдайлар туралы облыстық судан құтқару қызметінің бастығына жедел баяндау;

8) Облыстық судан құтқару қызметіне бекітілген үлгі бойынша уақытында есеп беру;

9) Құтқару постының старшинасына постының мүліктері үшін материалдық

жауапкершілік

жүктеледі.

12. Құтқарушы матростың міндеттері:

- 1) Бекітілген кестеге сәйкес кезекшілік (вахта) атқару;
- 2) Кезекшілік уақытында вахта журналын жүргізу;
- 3) Суда апатқа ұшыраған адамдарға жедел көмек көрсету;
- 4) Жүзу құралдары мен жабдықтарын үнемі даярлықта ұстау;
- 5) Жүзуді, сүнгуді және барлық құтқару құралдарын пайдалануды, құтқару қайығын басқара білу, суға батып бара жатқан адамға жақындау және судан алып шығу тәсілдерін білу, қыспақтан босатып шығу, сүйрету және зардап шегушіге дәрігерге дейінгі көмек көрсету әдістерін білу;
- 6) Құтқарушы жасақшыларды үйрету, құтқару постының шаруашылық, қауырт және тексеру жұмыстарына қатысу;
- 7) Құтқару ісі бойынша үнемі өзінің білімін жетілдіру, құтқарушының нормативтерін орындау;
- 8) Құтқарушы матросқа өзіне бекітілген мүліктің материалдық жауапкершілігі жүктеледі.

13. Аудандық бюджет қаражатынан суда құтқару постының 2 адамына Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген ең төмен жалақыдан артық емес мөлшерінде жалақы төленеді.